



Қоғамдық татулық  
пен саяси  
тұрақтылық

Қазақстандық  
патриотизм

Республика  
қызметінің  
түбегейлі  
қағидалары

Экономикалық  
даму

Мемлекет өмірінің  
аса маңызды  
мәселелерін  
демократиялық  
әдістермен шешу

Мемлекеттік биліктің  
бірден – бір бастауы – халық.

Халық билікті тікелей  
республикалық референдум  
және еркін сайлау арқылы  
жүзеге асыруды мемлекеттік  
органдарға береді.

Қазақстан  
Республикасында  
мемлекеттік және  
жеке меншік танылады  
және бірдей қорғалады.

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы халықаралық  
құқықтың принциптері мен  
нормаларын құрметтейді, мемлекеттер  
арасында ынтымақтастық пен тату  
көршілік қарым қатынас жасау,  
олардың теңдігі мен бір – бірінің ішкі  
істеріне араласпау, халықаралық  
дауларды бейбіт жолмен шешу  
саясатын жүргізеді, қарулы күшті  
бірінші болып қолданудан бас тартады.

Қазақстан Республикасы Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

**Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды.**

# Әркімнің жеке бас бостандығына құқығы бар

Занда көзделген  
реттерде ғана  
және тек қана  
соттың  
санкциясымен  
тұтқындауға  
және қамауда  
ұстауға болады

Ұсталған, қылмыс  
жасады деп айып  
тағылған әрбір  
адам  
тұтқындалған  
кезден бастап  
адвокаттың  
көмегін  
пайдалануға  
құқылы

Ешкімді  
азаптауға,  
адамдық қадір  
— қасиетін  
қорлайтындай  
жәбір  
көрсетуге  
болмайды



# Қазақстан Республикасының Президенті

- Мемлекет басшысы;
- Ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;
- Ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға;
- Халық пен мемлекеттік билік бірлігінің;
- Конституцияның мызғымастығының;
- Адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

# Президентті сайлау:

Конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

# Сайлау уақыты

Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа - тұс келмеуге тиіс.

Президент болу үшін:

Тумысынан Республика азаматы  
болып табылатын қырық жасқа  
толған, мемлекеттік тілді  
меңгерген әрі Қазақстанда соңғы  
он бес жыл бойы тұратын азамат  
сайлана алады.

# Сайлау нәтижесі

Сайлаушылардың елу пайызынан астамның дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Сайлаушылардың ең көп даусын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

# Президент өкілеттілігі:

Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай — ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

ҚР Президентіне тыйым салынады

Өкілді органның депутаты болуға,  
өзге де ақы төленетін қызметтерді

атқаруға және кәсіпкерлік

қызметтерді атқаруға және

кәсіпкерлік қызметпен айналысуға

ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.

Мәжіліс

конституциялық заңда  
белгіленген тәртіппен  
саналатын 107  
депутаттан тұрады.

Мәжіліс

депутаттарының  
өкілеттік мерзімі - 5  
жыл.

Сенет конституциялық  
заңда белгіленген  
тәртіппен саналатын 47  
депутаттан тұрады.

Сенат депутаттарының  
өкілеттік мерзімі - 6  
жыл.



Сенат депутаттары жанама  
сайлау құқығы негізінде  
жасырын дауыс беру жолымен  
сайланады.

Сенат депутаттарының  
жартысы әрбір үш жыл сайын  
қайта сайланып отырады.

# Парламент депутаты

- ол Қазақстаннан тысқараы жерге тұрақты тұруға кеткен
- оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

# Парламент мәжілісінің депутаты

- Депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;
- Конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Үкімет – Қазақстан Республикасының  
атқарушы билігін жүзеге асыратын,  
атқарушы органдардың жүйесін  
басқаратын және олардың қызметіне  
басшылық жасайтын алқалы орган.  
Өзінің бүкіл қызметінде Республика  
Президентінің алдында жауапты, ал  
Конституцияда көзделген жағдайларда  
Парламен Мәжілісінің және  
Парламенттің алдында жауапты болып  
табылады.